

өлшемінен неғұрлым жоғары және тұрақты өнім алуларын қамтамасыз еткен.

Диверсификация жалпы алғанда (латынның *diversus*- әртүрлі *+facere* – жасау) әртүрлі, жан-жақты даму дегенді білдіреді. Сондықтан диверсификация үдерісі өндіріс сферасы мен кәсіпкерлік қызметті кеңейтумен тікелей байланысты. Ол әртүрлі ұйымдардың бір-біріне қосылуы, бірігуі арқылы жүретін мүліктік механизмдерді қоса алғандағы ұйымдастыру-экономикалық инструменттер көмегімен жүзеге асады. Диверсификациялау нәтижесінде мамандандырылған қызметтің қаржылық тәуелділігі және сыртқы орта факторларының әсері төмендейді [1].

Қазіргі кезде диверсификация тек өндірістік қана емес, басқа әртүрлі қызметтерді де қамтиды. Оның негізгі екі бағытты бар: байланысқан және байланыспаған. Байланысқан диверсификация – ол кәсіпорынның өз қызметі аясында қосымша басқа қызмет түрімен айналысуы. Кәсіпорын бұл кезде өзіне таныс сферада жұмыс жасағандықтан, тәуекелділікке көп ұшырамайды. Байланыспаған диверсификация – өзінде бар салаларға тікелей байланысы жоқ жаңа қызмет пен өнімдер өндіру, оның тәуекелдігі бар.

Диверсификация үдерісінің көпқырлылығы оның түрлері мен критерийлерін анықтауда әртүрлі жолдарды ұсынады. Диверсификацияның бірнеше түрлері бар, оларды негізінен мына төмендегі топтарға бөліп қарастыруға болады: сатылы, көлденең және конгломераттық.

Сатылас диверсификация инвестиция мамандандырылған салада қолданылып жүрген дәстүрліден ерекше өндірістің жаңа түрлеріне салынғанда орын алады. Мысалы, АӨК-де ол аграрлық және өнеркәсіптік бизнесті біріктіруге негізделген. Сатылас бағыттағы диверсификация шикізатты өндіруден бастап (газ-мұнай, көмір салаларында), оның ауыл шаруашылығындағы өндірісі және дайын өнімді өткізумен аяқталатын өз өндірісінің үрдісін бақылау арқылы шығындарды төмендету мен пайданың үлесін ұлғайтуға мақсат қойған кәсіпорындар мен бірлестіктерге тән.

Көлденең диверсификация – бұл өндіріс номенклатурасын бір-біріне ұқсас, туыс тауарларды өндіру арқылы кеңейту. Диверсификацияның бұл бағыты өндіріс көлемін ұлғайту мақсатындағы кәсіпорындар мен олардың бірлестіктеріне тән.

Конгломератты (аралас) диверсификация шектесуші емес салаларға инвестиция салу. Мысалы, ауыл шаруашылығында қайта өңдейтін, тағамдық кәсіпорындармен қатар энергетикалық, мұнай-газ өңдеуші компаниялар инвестор бола алады. Біріншісі үшін – ауыл шаруашылығына инвестиция салу ең алдымен шикізат базасын сақтап қалу және

кеңейту үшін қажет. Ал екіншісі инвестор үшін диверсификацияның негізгі мотиві – мамандандырылған қызметтің тәуекелін төмендету. Диверсификацияның аралас бағыты коммерциялық тәуекелді төмендету арқылы өзінің нарықтағы позициясын нығайтуды көздейтін кәсіпорындар мен бірлестіктерге тән.

Бүгінгі таңда ғылыми ортада агроөнеркәсіп кешеніндегі диверсификация мәселесі жан-жақты талқылануда. Диверсификация агроөнеркәсіптік кешеннің ауылшаруашылық және басқа да кәсіпорындарының тиімділігін көтеру мен бәсеке қабілеттілігін арттырудың негізгі бағыты ретінде қарастырылып отыр. Диверсификация кәсіпорындардың, шаруашылық субъектілердің бүгінгі күнде қажетті және олардың дамуының жалпы қабылданған әдісі болып табылады. Өндірісті диверсификациялау өндірілетін өнім ассортиментін кеңейтуге, нарықтың талабына сай субъектілердің тез арада бейімделіп кетуіне жағдай жасайды [2].

Зотиков В.И. Сидоренко В.С., Наумкина Т.С. өзгермелі ауа-райы жағдайында егіншілікті тұрақтандыруды жоғарылатудың маңызды факторы ретінде – егіс айналымының диверсификациясын санайды, яғни, жүгері, тары, бұршақ тұқымдас және т.б сияқты шөлге, ыстыққа төзімді дақылдардың егістік алқабын ұлғайту. Мысалы, табиғи-климаттық жағдайы бізге неғұрлым ұқсас Канадада таза пардың көлемін қысқартып, егістік алқабын нарықта тұрақты сұранысқа ие бұршақ тұқымдас, жасымық (чечевица), рапс сияқты дақылдар арқылы егіс айналымының диверсификациясын жүргізген [3].

Степных Н.В. өз жұмысында егістік алқабының құрылымына күздік бидайды, майлы дақылдар мен жүгеріні енгізуді ұсынады. Аталған дақылдардың өнімділігі мен оларға бағаның өзгеруінің сәйкес келмеуі есебінен кәсіпорынның табысын тұрақтандыруға мүмкіндік туады. Мысалы, күнбағыс шөлге төзімді және күн жылуын көп қажет етеді, сондықтан салқын және жауынды жылдары астық дақылдыларының өнімділігі жоғары болса, ал ыстық және құрғақшылық жылдары күнбағыс дақылы ұтымды [4].

Искаков Н.О. ауыл шаруашылығын диверсификациялау бір жағынан экономикалық-қаржы тұрақтылығын арттырады, екінші жағынан – еңбек ресурстарын толығымен пайдалануды қамтамасыз етеді, ауыл шаруашылығының басты ерекшелігін (еңбек маусымдылығын) жояды деп, атап өтеді. [5].

Республикамызда соңғы төрт-бес жылда өсімдік шаруашылығын диверсификациялауға байланысты жұмыстар жүргізілді, қосымша сала ретінде мал шаруашылығын қалпына келтіру іске асырылуда. Солтүстік Қазақстанда жаздық бидайға қарағанда басқа альтернативті дақылдарды өсіру тиімді екенін

Слово молодым ученым

барлық тәжірибелік стационарлардағы зерттеулер нәтижелері көрсетіп отыр. Оларға: бұршақ, күнбағыс, зығыр, қарақұмық, тары мен сұлы жатады. Бұл дақылдардың өндіріске енгізілу жетістіктері әртүрлі болып отыр.

Алайда, Солтүстік Қазақстан аумақтарында зерттеулер көрсетіп отырғандай, диверсификация өте нашар қарқындармен дамуда. Қостанай облысы бойынша егістік алқаптар диверсификациясы 1-кестеде келтірілген.

1-кесте. Қостанай облысы бойынша егістік алқаптар диверсификациясы (2011-2015жж.)

Дақылдар	2011		2012		2013		2014		2015	
	мың га	%	мың га	%	мың га	%	мың га	%	мың га	%
Бидай	4018,1	92,3	3950,5	90,4	4014,4	89,4	3747,4	88,1	3579,6	86,9
Арпа	180,8	4,1	253,2	5,8	252,5	5,6	256,0	6,0	316,9	7,7
Сұлы	37,7	0,9	46,9	1,1	62,2	1,4	52,4	1,2	55,4	1,3
Қарақұмық	3,5	0,1	7,3	0,2	8,7	0,2	6,7	0,2	7,8	0,2
Тары	14,4	0,3	8,1	0,2	9,3	0,3	8,7	0,2	6,8	0,2
Бұршақ	21,6	0,5	32,9	0,7	23,7	0,5	16,4	0,4	25,0	0,6
Күнбағыс	46,9	1,1	36,8	0,8	88,8	1,9	138,1	3,2	93,8	2,3
Рапс	30,5	0,7	35,2	0,8	27,9	0,7	29,3	0,7	34,5	0,8
Барлығы	4353,5	100	4370,9	100	4487,5	100	4255	100	4119,8	100

Ескерту: Қостанай облысы статистика департаменті мәліметтері негізінде есептелген

Кесте мәліметтерінен көріп отырғандай, егістік алқабы құрылымында ең үлкен меншікті салмақты бидай алып отыр, ол 2015 жылы барлық алқаптың 86,9% құрайды. Ең аз меншікті үлесті жарма дақылдары (қарақұмық, тары) құрайды - 0,2%. Егістік алқабының құрылымындағы бидайдың меншікті үлес салмағы жылдан жылға төмендеген, яғ-

ни 2015жылды 2011 жылмен салыстырғанда 5%-ға азайған. Ал осы салыстырылып отырған жылдарда, сәйкесінше бұршақ дақылдары мен майлы дақылдардың егістік алқаптарының, ұлғайғаны байқалады. Енді, жүргізілген диверсификация үдерісінің дақылдар өнімділігіне қалай әсер еткенін байқап көрелік.(2-кесте).

2-кесте. Қостанай облысы бойынша 2011-2015 жылдардағы дақылдар өнімділігі, ц/га

Дақылдар	2011	2012	2013	2014	2015	2015жылды 2011жыл мен салыстырғанда, %.
Бидай	18,3	6,1	9,6	9,9	11,4	62,3
Арпа	21,4	5,9	12,2	11,4	11,8	55,1
Сұлы	22,5	6,6	11,0	10,5	11,1	49,3
Қарақұмық	13,0	5,2	13,1	9,2	6,3	48,5
Тары	15,1	6,9	11,1	5,9	5,4	35,8
Бұршақ	12,6	4,4	5,0	7,0	9,5	75,4
Күнбағыс	6,6	4,4	7,7	7,2	7,2	1,09
Рапс	5,0	1,8	8,1	8,3	4,4	88,0

Ескерту: Қостанай облысы статистика департаменті мәліметтері негізінде есептелген

Кесте мәліметтерінен 2015 жылды 2011 жылмен салыстырғанда дақылдар өнімділігінің төмендегенін көріп отырмыз, яғни астық дақылдары орташа 55%-ға, жарма дақылдары - 58%-ға төмендеген, майлы дақылдар бойынша салыстырылып отырған жылдары күнбағыстың өнімділігі - 9%-ға өскен, ал рапстың өнімділігі – 12%-ға төмендеген. Астық дақылдарының өнімділігіне диверсификацияның қажетті әсері толықтай болған жоқ, өсіріліп отырған дақылдар өнімділігінің табиғи жағдайларға өте тәуелді екені байқалады.

Жылдан-жылға астық дақылдары өнімділігі мен нарықтық бағаның (1,5-2 есеге ауытқиды) тұрақсыз болуы, кәсіпорынның қаржылық жағдайына кері әсерін тигізеді.

Қазақстандағы өсімдік шаруашылығын диверсификациялау ерекшеліктері келесі факторларға байланысты екенін атап көрсеткен жөн:

1. Табиғи факторларға байланысты тәуекелділік жоғарылайды: солтүстік аумақтар – тәуекелді егін шаруашылығы аймағы болып саналады. Бұл факторды елемей дұрыс емес. Осыған байланысты, тәуекелді егін шаруашылығы аймағында өсімдік шаруашылығын диверсификациялағанда табиғи-климаттық жағдайларды – аяқ асты ызғарлардың түсуі, көктемнің кеш, күздің ерте басталуы, дамылсыз жаңбырдың жаууы, топырақ құнарлылығын ескеру қажет, диверсификация өсімдік шаруашылығы субъектілерінің сыртқы орта факторларынан тәуелділігін төмендетеді;

2. Өсімдік шаруашылығы саласындағы бәсекелестіктің болмауы, неғұрлым тартымды және болашағы бар альтернативті дақылдарды өсіруге көшу, тек болашақта экономикалық жағынан ұтымды және тиімді болатындай етіп, өсірілетін дақылдарды дұрыс таңдау қажет;

3. Жанар-жағар май, тыңайтқыштар, өсімдік қорғау құралдары мен техника бағаларының үнемі өсуі;

4. Жұмыс күшінің жетіспеушілігі, өндірістің еңбек сыйымдылығының жоғары болуы себебінен ауыл шаруашылығы еңбегінің тартымсыздығы;

5. Мемлекеттік қолдаудың жетіспеушілігі.

Жоғарыда аталған факторлар өсімдік шаруашылығы диверсификациясы мәселелеріндегі қарама-қайшылықтардың болуына байланысты ғылыми ортада көп пікірталас тудырады.

Сонымен қатар суармалы жерлердің сапасының нашарлауы, сақтау, өңдеу, көлік логистикасы, инфрақұрылымының төмен деңгейде дамуы, ірі тауар өндірісінің болмауы, есесіне ұсақ тауар өндірісінің басым болуы өсімдік шаруашылығы диверсификациясын тежейді.

Осыған байланысты, диверсификацияны дұрыс жүзеге асыру арқылы экономикалық құлдырау, стагнация немесе саланың бірден жұмыс принципі өзгерген жағдайда өсімдік шаруашылығы субъектілерінің пайдалылығы мен жұмыс қабілеттілігін сақтап қалуға болады. Диверсификация өсімдік шаруашылығы субъектілеріне айқын басымдық береді және бизнестің тұрақтылығын қамтамасыз ете алады. Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін ішкі ресурстарды, қоршаған орта факторлары мен нарықтық тенденцияларды дұрыс және нақты бағалауды талап етеді.

Қазіргі уақытта республикамызда нарықтық экономика жағдайында өндіріс диверсификациясы және өсімдік шаруашылығына жаңа технологияларды енгізу мәселелері толық зерттелмеген, сондықтан ол ауыл шаруашылығы өндірісінің тұрақтылығына кері әсерін тигізуде. Ал қолда бар ғылыми зерттеулер қазіргі өзгерген экономикалық жағдайлар талаптарына сәйкес келмейді. Осы жағдайда өндірісті диверсификациялау мәселелері контекстіндегі егістік алқаптар құрылымы мен үйлесімділігін оңтайландыру мен экономикалық тиімділігін есептеу және талдаудың әдістемелік құралын құрастыру бойынша ғылыми зерттеулер өте өзекті болып табылады. Зерттеулердің нәтижелігі нарықтық және экономикалық тәуекелділік жағдайындағы экономика-математикалық тәуекел-моделі арқылы егістік алқаптарының тиімді құрылымы мен үйлесімділігін анықтау және өндірісті диверсификациялаудың экономикалық эффектісін болжау [6].

Айдалатын жер мен егістік алқаптар құрылымының пайдаланудың экономикалық тиімділігі өнім өндірісіне неғұрлым аз еңбек шығындары мен ақша қаражаттарын жұмсай отырып, бір гектардан алынған өнім көлемімен бейнеленеді. Егістік алқаптардың оңтайлы құрылымын құрастыру, жекелеген ауыл шаруашылығы дақылдарымен айдалған жерді пайдаланудың экономикалық тиімділігін анықтаудан басталады. Ең алдымен, бірнеше жылдардың орташа арифметикалық шамасы ретіндегі астық дақылдарының өнімділігі анықталады. Мақсат - жекелеген ауылшаруашылық дақылдарының өнімділігін анықтау болғандықтан, бағалау да бір гектардан алынатын ағымдағы бағадағы жалпы өнім құны бойынша жүргізіледі. Әрине, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсірудің экономикалық тиімділігін неғұрлым терең талдағанда, басқа көрсеткіштер - бір гектарға және бір центнер өнім өндіруге жұмсалатын еңбек шығындары мен ақша қаражаты, 1 адам/сағатта шығарылған өнім, бір гектарға таза кіріс, рентабельділік деңгейі және т.б. анықталады. Егістік алқаптары құрылымының экономикалық тиімділігі 100 гектар айдалатын жерге шығарылатын өніммен сипатталады. Бұл жағдайда, неғұрлым өнім шығымы жоғары болса, соғұрлым егістік алқаптарының құрылымы оңтайлы деп саналады және керісінше. Бірақ талдау жасағанда басқа да факторларды ескеру қажет.

Бұл әдісті жүргізу келесі кезеңдерден тұрады:

- зерттеу объектісінде өнімділік және егістік алқабы, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру шығындары, нарық сыйымдылығы, өсімдік шаруашылығы өнімі мен ресурстарына баға бойынша мәліметтер базасын қалыптастыру;

